

Жалға алынған мемлекеттік тұрғын үйлерге төленетін жалдау ақысының мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі № а-3/178 қаулысы. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылдың 13 мамырында № 1-19-200 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 9 қарашадағы № А-11/466 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2011.11.09 № А-11/466 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуір «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің 2008 жылғы 30 қыркүйектегі № 395 бұйрығымен бекітілген жалға берілетін мемлекеттік үйлерден алынатын жалдау ақысын есептеу әдістемесінің негізінде, Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бурабай ауданының жалға алынған мемлекеттік тұрғын үйлердегі төленетін жалдау ақы мөлшерінің көлемі 1 шаршы метрге жалға алу төлемінің есебінен қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Е.С.Каменовке** жүктелсін.

3. Осы қаулы Бурабай ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай ауданының әкімі **В.Балахонцев**
Бурабай ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 15 сәуірдегі
№ а-3/178 қаулысына қосымша

Жалға алынған мемлекеттік тұрғын үйлердегі шаршы метрге төленетін жалдау ақысының мөлшері

Жалға алынған мемлекеттік үйлерге алынатын жалдау ақысын есептеу кезінде келесі көрсеткіштер қолданылады:

А-мемлекеттік жалға алу үйлері үшін алынатын жалдау төлемі, айына 1

ш а р ш ы м е т р ү ш і н , т е ң г е ;

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің мемлекеттік қабылдау актісіне сәйкес ауданының бір шаршы метрі құрылысының (сатып алудың) құны;

Т – ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі, жыл;

Р – пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөндеуіне, сол сияқты ж е р у ч а с к е с і н к ү т у і н е :

Р= Гз /12/ Sp формуласы бойынша анықталатын қажетті көлемінің сомасы, айына 1 шаршы метр үшін теңге;

Гз -жер теліміне жергілікті атқарушы органмен (мемлекеттік кәсіпорынмен) тартылған немесе құрылған тұрғын үй-пайдалану қызметінің шығынының жылдық сметасы, пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөнделуіне, сол сияқты жер учаскесінің күтіміне қажетті көлемінің жылдық сомасы, жылына т е ң г е ;

Sp - тұрғын үй ғимаратындағы тұрғын үйдің жалпы алаңының сомасы, ш а р ш ы м е т р ;

Мемлекеттік жалға алу үйлерінде алынатын айына 1 шаршы метрге жалдау ақысы келесі формула бойынша есептеледі:

$$A = \frac{C}{T} / 12 + P$$

Мысалы, Ц=56 515 теңге, Т=125 жыл, Р=25,32 теңге болған кезінде жалдау ақы айына 1 шаршы метрге: $A = 56515 / 125 / 12 + 25,32 = 62,9$ теңге құрайды.

Жалпы көлемі 40 шаршы метр 1 пәтердің жалдау ақысының төлемі айына $62,9 * 40 = 2516$ теңгені құрайды.